

«№92 гимназия» КММ
Қамқоршылық кеңесі отырысының
№ 5 хаттамасынан көшірме

Қатысқан:

Әрбір сыныптың ата-аналар комитеті, мүшелері.

Қамқоршылық кеңес төрағасы – Қасқырбай А.Д.

Қамқоршылық кеңес төрағасы

орынбасары – Токмурзина И. Ж.

Қамқоршылық кеңес мүшелері - Бейсенова Г.

- Абдрахманова М.Т.

- Шайкен Р.О.

- Дайров А.Б.

- Омарова Г. А.

Гимназия директоры – Сейтимбетова К.Т.

Қамқоршылық кеңес хатшысы - Жумабекова Н. Т.

Күн тәртібі:

1. Қоғамдық тыңдау;
2. 2019-2020 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспарының вариативті бөлігінің жобасымен таныстыру;
3. 2018-2019 оқу жылында атқарылған іс-шараларға талдау;

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша гимназия директоры сөйледі. Гимназия миссиясы: Негізгі және қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану бағыттарында бейімділік бағдарламаларды жүзеге асыра отырып, адамзат мұрасының сабақтастығы аясында оқушылардың бойында ұлттық этно-мәдени құндылықтарды дамыта отырып, өмірге бейімдеу.

Миссияның орындалу барысы, әрине, бәсекеге қабілетті тұлғаның дамуын ұйымдастыру тетігіне тікелей байланысты.

Тұлғаның дамуына жан-жақты әсер ететін факторлар- оның комфортты ортада тәрбие мен білім алу, оған бағыт-бағдар беру, нәтижені талдай отырып, бағалау, әлемдік ақпараттық кеңістікке енгізу, сыртқы байланыста үнемі болу, әлеуметтендіру болып табылады.

2018-2019 оқу жылында гимназияның стратегиялық бағыттары төрт бағытты қамтыды:

1.Тұлға. Құндылық. Ұлт қуаты

2.Білім кеңістігіндегі көшбасшылық

3.Назарбаев зияткерлік мектебінің тәжірибесін тарату: мүмкіндіктері мен келешегі (болашағы

4.Үш тілде білім беру

«ТҰЛҒА. ҚҰНДЫЛЫҚ. ҰЛТ ҚҰАТЫ» бағыты бойынша төмендегідей жобалар жүзеге асырылды:

«Қоғамға қызмет етемін» жобасы, «Туған елге тағзым» жобасы,

«Шеберлер қалашығы» жобасы, «Жалынды жастар орталығы». Бұл жобалар бойынша жұмыс жоспарлары жасалып, әр түрлі іс-шаралар өткізілді.